

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы N 458 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1-тармақтың төртінші абзацында:

"және" деген шылау алынып тасталсын;

"қадағалау" деген сөзден кейін "және мемәнергияқадағалау" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

тақырыбы "органдарының" деген сөзден кейін, ", сондай-ақ мемәнергияқадағалау органының" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы IV бөліммен толықтырылсын:

"IV. Мемәнергияқадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын

жұмыстар мен қызметтер көрсету түрлерінің тізбесі

1. Электр энергиясын өндіру, беру және тарату.
 2. Жылу энергиясын өндіру, беру және тарату.
 3. Электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларды пайдалану.
 4. Энергетикалық жабдықты жөндеу.
 5. Электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларды жобалау."
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК